



«Бекітемін»

Мектеп – лицей директоры Б.А.Танирбергенов

«1» 09. 2023ж.

Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицейдің коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Оқу - ғару министрінің
2023жылы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді;
- әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша шаралар қабылдайды;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал болады;
- жеке тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, кемтар балалардың, мүгедек балалардың, бала кезінен мүгедектердің патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүлкітік және мүлкітік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- сабақтан тыс уақытта білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таланттарын, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды;
- әлеуметтік ортада адамгершілік, адамгершілік сау қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;
- педагогтармен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды;
- білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
І. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру. Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.	Тамыз	Әлеуметтік педагог	Жоспар
2	Қаржылай көмек көрсету бойынша білім алушылардың құжаттарымен жұмыстарды ұйымдастыру	Тамыз	Мектеп - лицей директоры Қамқоршылық кеңес мүшелері ДТЖЖО Әлеуметтік педагог	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің шешімі
3	«Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау. Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Тамыз	ДТЖЖО әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	АББ есеп беру
4	Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Толық емес отбасынан шыққан оқушылар - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Үйде оқитын оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) -Туысының үйінде тұратын оқушылар	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	Сынып картасымен жұмыс

5	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.	Мерзімінде	ДТЖО Әлеуметтік педагог	Педагогикалық кеңесте есеп беру, анықтама
6	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты : Толық емес отбасы Анасы жоқ отбасылар Әкесі жоқ отбасылар Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы Көп балалы отбасы Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы Қорғаныштық (қамқоршылықтағы) балалар Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар; Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар Өгей ата-анамен тұратын Жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін Ата-аналарының білім: Жоғары Техникалық және кәсіптік Орта	Қыркүйек	ДТЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу
II. Бала құқығын қорғау жұмысы				
7	20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Булиннің кибербуллиннің, лудоманияның алдын алу»	Қараша	ДТЖО Әлеуметтік педагог Педагог - психолог Сынып жетекшілер Тәлімгер	Семинар тренинг
8	«Сенде бір кіріш дүниеге...» әлеуметтік топтағы оқушылармен ой бөлісу	Қараша	Әлеуметтік педагог	Анықтама
9	«Зорлықсыз әлемді қалай құруға болады?» /8-11 сыныптар/	Желтоқсан	ДТЖО сынып жетекші	Семинар тренинг

				әлеуметтік педагог педагог психолог		
10	Қамқорлыққа алынған, өгей ата – анамен, форма 4 есебіндегі оқушылардың сабаққа келуін қадағалау.	Үнемі	Ақпан	әлеуметтік педагог педагог психолог	Журналға тіркеу	
11	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» 1-11 сынып оқушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Ақпан		ДТЖО сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	Ақпараттандыру	
12	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	Жылына екі рет		сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	Акт толтыру	
13	Занды өкілісіз туысының үйінде, өгей ата - анамен тұратын оқушылардың отбасылық жағдайына бақылау жасау мақсатында зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру	Мерзімінде		ДТЖО Педагог психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Акт толтыру	
III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс						
14	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	жылына екі рет		әлеуметтік педагог	Акт толтыру	
15	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу	Мерзімінде		ДТЖО сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	Анықтама	
16	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім, өмірдің қиын жағдайында қалған оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізу (КЕЙС) Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	жыл бойы		ДТЖО әлеуметтік педагог педагог психолог сынып жетекшілер	Бірлескен жоспар бойынша	
17	«Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел	Наурыз		Әлеуметтік педагог Педагог психолог	Анықтама	
18	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала	Мамыр		Әлеуметтік педагог	Оқушы құжаттарын жинау	

	сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру			
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәсіптік бөлім, кәсіптік бөлім, кәсіптік бөлім) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
19	Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясына аудандық мемлекеттік мекемелер мен меценаттарды қайырымдылық шараларына ат салысуға тарту	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог	Демеушілермен жұмыс
20	ҚР Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 24 сәуірдегі 158 бұйрығы, 13 қосымшасын «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын басшылыққа ала отырып, әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмек көрсетуде қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсыну	Тамыз	ДТЖО Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Педагогикалық кеңесте есеп беру, анықтама
21	Сабақтан себепсіз қалып кәсіптік бөлімге толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	Мерзімінде анықталған жағдайда	ДТЖО Педагог психолог Әлеуметтік педагог	Зерттеу жұмыстары
22	«Жетес» би ауылдық емханасының мамандарымен салааралық жоспарға сәйкес бірлескен шаралар өткізу	жоспарға сай	«Жетес би» ауылдық емханасының дәрігерлері ДТЖО Педагог психолог Әлеуметтік педагог Мейіркеш Сынып жетекшілер	Бірлескен жоспар бойынша
23	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршыларынан бала жағдайына байланысты есебін АББ бірлесе отырып, жұмыс жүргізу.	Жылына екі рет	Әлеуметтік педагог Бала құқығын қорғау маманы	Қамқоршы есебін беру
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				

24	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	Үнемі	Әлеуметтік педагог	Түсіндірме жұмыс
25	29 қазан «Қамқоршылар» күніне орай «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында қамқоршы ата-аналармен кездесу	Қазан	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші	Анықтама
26	Туындаған мәселелерге орай ата -аналарға кеңес беру	Суранасқа сәйкес	Әлеуметтік педагог	Журналға тіркеу
27	Ата -аналар жиналысына қатысу	Мерзімінде	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші	Анықтама
28	«Отбасы жарастығы» тақырыбында ата -аналармен спорттық сайыс	Наурыз	ДТЖЖО Әлеуметтік педагог Психолог Сынып жетекші	Сайыс
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
29	Оқушылардың отбасылық жағдайын анықтау барысында сауалнама жүргізу, талдау.	Қыркүйек - қазан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Талдау
30	Оқушылардың, сыныптың әлеуметтік картасын толтыруда сынып жетекшілерге талдау жасауына көмек көрсету	Қыркүйек - қазан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Талдау
31	Оқушыламен «Мектеп асханасындағы тамақтану» тақырыбында сауалнамасын жүргізу	Қараша	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Талдау
32	Ата -аналардан «Мектеп асханасындағы тамақтану» тақырыбында сауалнама жүргізу	Ақпан	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Талдау
33	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Есеп беру
34	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	Мамыр	Әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу

Әлеуметтік педагог: *Рахметова* **Рахметова**